

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 24 қыркүйектегі № 62 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 91 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 24.12.2021 № 91 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл аудандық мәслихатының хатшысы

А. Бараншина

КЕЛІСІЛДІ

Пресногорьков ауылдық
округінің әкімі

_____ Г. Бекетаева

2021 жылғы 24 қыркүйек

Мәслихаттың
2021 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 62 шешіміне
қосымша

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Пресногорьков ауылының тұрғындары үшін	70
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Волна ауылының тұрғындары үшін	10
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Первомайка ауылының тұрғындары үшін	8
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Крутоярка ауылының тұрғындары үшін	5
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Песчанка ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Белоглинка ауылының тұрғындары үшін	8
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің Красный Борок ауылының тұрғындары үшін	3

Мәслихаттың
2021 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 62 шешімімен
бекітілген

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Пресногорьков ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Пресногорьков ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Пресногорьков ауылдық округінің әкімі шақырады.

Ұзынкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

Бөлек жиындарды шақыру туралы хабарлау міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады, бұқаралық ақпарат құралдарына қосымша байланыстың өзге де тәсілдері қолданылуы мүмкін.

5. Пресногорьков ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Пресногорьков ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарына тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауылдық округтің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Пресногорьков ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ұзынкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Пресногорьков ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Пресногорьков ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК